

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

Ғылыми кеңеспен бекітілді

Ғылыми кеңестің төрағасы

«20» 2026 ж. № 10 хаттама

М. Төлеген

2026 ж.



**D017 ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПЕДАГОГТАРЫН ДАЯРЛАУ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТОБЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Өскемен, 2026

Докторантураға түсу емтиханының бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы негізінде жасалды.

Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының отырысында қаралды және ұсынылды.

«24» 02 2026 ж. № 6 хаттама

Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі



К.Т.Барбосынова

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің шешімі бойынша мақұлданды.

«12» 02 2026 ж. № 7 хаттама

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы



С.К.Оразалин

КІРІСПЕ

Бағдарлама D017 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау білім беру бағдарламаларының тобы бойынша базалық кәсіптендіру пәндерді қамтиды. Бағдарламада типологиялық жоспарға сай арнайы пәндердің негізгі өзекті мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар тіл білімінің және әдебиеттанудың теориялық, әдістемелік сұрақтары ескерілген.

Қабылданушы теориялық және нақты материалды меңгергенін көрсетіп қана қоймай, ғылыми, оқулықтар, монография, мерзімді басылымдардан мағлұмат алуы керек.

Қабылдау емтиханының мақсаты докторантураға неғұрлым дайындығы жоғары үміткерлерді анықтау мен қабылдау болып табылады.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- үміткерлердің мамандық бойынша құзірлеттілігін анықтау;
- оқу және кейінгі кәсіптік қызметіне деген қызығушылығы мен құлшынысын анықтау;
- болашақ докторанттың ғылыми жұмыс жазу, өндірістік және инновациялық қызметінде өзіндік дайындығын анықтау.

Эссе тақырыптары

№	Эссе тақырыбы (қазақ тілінде)
1	Латын негізді ұлттық графика – кемел келешек кепілі
2	Академиялық жазу – зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру құралы
3	XXI ғасырдағы академиялық сауаттылық мәселесі
4	Қазіргі қазақ тілі – мәдени құбылыс
5	Рухани жаңғыру жолындағы Қазақстан
6	Педагогтің кәсіби құзыреттілігі – оқыту сапасын арттырудың негізі
7	Бүгінгі ұрпақты көркем шығарма оқуға дағдыландырудың тиімді тәсілдері
8	Алаш зиялыларының әдістемелік мұрасын жаңғырту
9	Қашықтан білім беруде online платформалардың мүмкіндіктері
10	Заманауи оқулық мәтіндерінің танымдық сипаты («Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» оқулықтары негізінде)
11	Абайдың даналық ілімдерінің бүгінгі күнгі маңызы
12	«Жыр жазамын Абайдың үлгісімен...» (М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуы қарсаңында)
13	«Қазақ прозасының дарабозы» (Қабдеш Жұмаділов шығармашылығы туралы)
14	«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл»

15	Білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қазіргі тенденциялар
16	Онлайн оқыту: артықшылықтары мен кемшіліктері
17	Қазақстандағы жаңартылған білім беру мазмұны
18	Көптілді білім берудің маңыздылығы
19	Жоғары білім берудегі студенттерге бағытталған оқытудың мәні
20	Қазіргі білім берудегі әлеуметтік желілердің рөлі

Эссеге қойылатын талаптар

Эссе түрлері	Эссе түрлері
Мотивациялық	Талапкердің ғылыми-зерттеу қызметіне деген ынталандырушы себептерін негіздеуі (research statement)
Ғылыми-талдамалық	Талапкер ұсынатын зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық ұстанымды баяндау
Критерилер	Дескрипторлар
Тақырыпты ашу тереңдігі	Мәселе теориялық деңгейде ашылған, ғылыми терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпарат пайдаланылған
	мәселені ашу барысында автордың жеке көзқарасы (ұстанымы, қатынасы) ұсынылған
Дәлелдеме және аргументация	аргументтердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге қарай ой қорыта білу
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	эссенің композициялық тұтастығы, құрылымдық бөліктердің логикалық байланысы, қорытындылар мен жинақтаулардың болуы
Сөйлеу мәдениеті	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны меңгеру, грамматика, стилистика)

1 ТІЛ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ежелгі дәуір тіл білімі. Тіл білімі тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі. «Атаулардың дұрыстығы» туралы айтыс, аналогия және аномалия, тілдің негізгі бөлшектерін (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) және негізгі грамматикалық категорияларды анықтау. Көне грек-рим, қытай, үнді, араб, түркі тіл білімінің жетістіктері. М.Қашқари және оның лингвистикаға қосқан үлесі. ХҮІ-ХҮІІІ ғасыр тіл білімі. Еуропа тілдері грамматикасына латын грамматикасының әсері. Тілдер туыстығын дәлелдеудің алғашқы қадамдары. Пор-Рояль грамматикасы - жалпы лингвистикалық теориялар мен аймақтық грамматикалар жасаудың алғашқы үлгісі. Философтар еңбектеріндегі тіл мәселелері; Ф.Бэкан, Р.Декарт, Г.Лейбниц және т.б. Тілдің пайда болу теориялары: Ж.Ж.Руссо, И.Гердер, М.В.Ломоносов.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Тілдер туыстығы мәселелері. Санскрит тілінің салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі орны: В.Джоунз, Ф.Шлегель. ХІХ ғ. бірінші ширегіндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі: Р.Раск, Ф.Бопп, Я.Гримм, Ф.Диц, А.Х.Востоков. Үнді-еуропа тілдеріндегі салыстырмалы-тарихи грамматикалар. Туыстық шежіре (бұтақ) теориясы және И.Шмидттің толқын теориясы.

Салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі жас грамматистер дәуірі: жаңа әдістер, нақты әдістерге талпыну, эксперименталдық саланың дамуы. К.Брутман және Б.Дельбрюк: тілдерді сипаттаудың жүйелілік жұмыстары.

XX ғ. салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Тохар және хетто-лувий тілдерінің ашылуы. Ларингал теориясы. Үнді-еуропа негіз құрылымдары туралы жаңа теориялар және әр түрлі грамматикалық категориялардың пайда болуы: Э.Бенвенист, Ф. де Соссюр, Э.Стертеван, Х.Педерсен, Е.Курилович.

Реконструкция мәселелері. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі және тілдегі шылаулар туралы ілім. Лингвистикалық палентология және тілдердің маросемьялары теориясы: В.М.Иллич-Свитыч, Т.В.Гамкрелидзе, Вяч.Вс. Иванов.

В. фон Гумбольдтың лингвистикалық көзқарастары. Тіл философиясы. Тіл формалары туралы ілім. Тілдің ішкі формасы туралы түсінік. Тіл және ойлау. Халықтық рух түсінігі. Тіл - әрекет, және тіл - әрекеттің жемісі. Тілдердің типологиялық топтастырылуы қағидасы. В. фон Гумбольдт - тіл әлемнің ерекше бейнесі.

ХІХ ғ. тіл біліміндегі әмбебап-логикалық бағыт. К.Беккердің «Тіл ағзасы». К.Беккер сөйлеудің психогенезі туралы, логика мен грамматика арақатысы, логикалық, грамматикалық және этимологиялық формалар туралы. Ф.И.Буслаев грамматикалық формалар мен ойлау заңдары арасындағы қатынас және логика мен грамматика арасындағы шектік туралы. Сөз таптарын және сөйлем мүшелерін бөлудегі логика-синтаксистік негіздер.

Натуралистік бағыт. А.Шлейхер ілімі. Тілді тірі ағза ретінде қарау. Тіл дамуының екі кезеңі туралы. Тілдегі мағына және қатынас түсінігі. Тілдердің типологиялық топтастырылуы. Ата тіл туралы түсінік және туыстық шежіре

мен реконструкция қағидалары. И.Шмидттің толқын теориясы. М.Мюллер теориясы - натурализмнің ерекше түрі.

Психологиялық бағыт. ХІХ ғ. екінші жартысындағы психология және тіл білімі. Г.Штейнтальдің лингвистикалық жүйесі. Логикалық бағытқа сын. Тілдік ойлау мен ішкі форма туралы ілім. Этникалық психология. А.А.Потебняның лингвистикалық көзқарастары. А.А.Потебняның зерттеулеріндегі семантикалық бағыт.

Сөздің таңбалылығы туралы ілім. Полисемияны жоққа шығару. Сөз және контекст. Грамматикалық форма және грамматикалық мағына туралы ілім, сөз таптарының және сөйлем мүшелерінің қалыптасуы туралы. В.Вундтың лингвистикалық көзқарастары. Халық психологиясы ұғымы. Түсінік беретін мағыналар мен ым тілдері туралы ұғым. Сөйлем туралы ілім.

Жас грамматикалық бағыт. Неміс жас грамматистерінің көзқарасындағы позитивтік және жеке психологиялық негіздер. Лейпцих мектебінің «Манифесті» және оның негізгі тезистері. Г.Остгоф және К.Бругман.

Дыбыстар заңдылықтары және аналогия туралы ілім. Ықтималдық және абсолюттік хронология ұғымы. Жас грамматистер «атомизмі». Г.Пауль теориясы. Тіл тарихы - тіл білімінің пәні мен мазмұны. Қарым-қатынас үдерісіне сипаттама. Индивид, қоғам және тіл. Тіл және диалектілер. Салыстырмалы-тарихи әдістің жетілуі мен дамуы.

Москва мектебі. Ф.Ф.Фортунатовтың лингвистикалық көзқарастары. Грамматикалық форма мен грамматикалық мағына туралы ілім. Нөлдік форма туралы түсінік. Сөздің грамматикалық топтары туралы ілім. Сөз - таңбаның бір түрі.

Сөз тіркестері теориясы. Ф.Ф.Фортунатов еңбектеріндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі және типология мәселелері. А.А.Шахматовтың жалпы және салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі мұрасы. А.М.Пешковский, В.М.Ляпунов, Д.Н.Ушаков, М.М.Покровский және т.б. лингвистикалық көзқарастары.

Қазан лингвистикалық мектебі. Қазан лингвистикалық мектебінің қалыптасуы және оның бағдарламасы. И.А.Бодуэн де Куртененің лингвистикалық көзқарастары: тіл дамуы мәселелері: статика және динамика; тіл туралы ілім - қоғамдық-психикалық құбылыс; фонема және морфема теориясының жасалуы; эксперименталды фонетиканың пайда болуы; тілдің жүйелік концепциясы.

Альтернативия ұғымы. Сипаттамалы әдіс қағидасының талдануы. Тілдің пайда болуы және тілдік өзгерістің себептері. Тілдің таңбалық сипаты туралы В.Н.Крушевский ілімі.

В.А.Богородицкийдің негізгі морфологиялық үдерістер туралы ілімі. Сөз таптары және сөйлемдер мәселелері туралы. Экспериментальдық тұрғыдағы фонетика мәселесі.

Эстетикалық мектеп. К.Фосслерге В. фон Гумбольдт пен Б.Кроге идеяларының әсері. Лингвистика - қолданбалы эстетика. Стилистика - әмбебап пән. Лингвистика және әдебиеттану.

«Сөздер және заттар» мектебі. Г.Шухардт және Р.Мерингер – «сөздер және заттар» мектебінің өкілі. Жас грамматистердің фонетикалық заңдылықтар туралы теориясына сын. Тілдердің тоғысуы. Ономосиялогиялық зерттеулер.

Ареалды (кеңістік) лингвистика. Неолингвистика. Диалектология және лингвистикалық география. Лингвистикалық үздіксіздік теориясы. Изоглоссия. Италиян неолингвистерінің еңбектеріндегі лингвистикалық география мәселелері: М.Бартоли, В.Пизани, Дж. Бонфанте. Субстрат туралы ілім: И.Асколи. В.Пизанидің ареалды лингвистика және тілдік одақтар лингвистикасын салыстырмалы тарихи зерттеулерінде қолдануы.

Фердинанд де Соссюр еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері: тілдің анықтамасы; тіл мен сөйлеудің арақатысы туралы; сыртқы және ішкі лингвистика; тілдегі синхрония және диахрония; тіл мен сөйлеудегі синтагматикалық и парадигматикалық қатынастар; таңба және таңба жүйесін анықтау; таңба түрлері және олардың қасиеттері. Ф. де Соссюр және А.Гардинер, Э.Бенвенист, Э.Косериу.

Француз социолингвистикасы. А.Мейе еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік құбылыс ретінде анықталуы. А.Мейенің салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қосқан үлесі. Салыстырмалы-тарихи әдісті негіздеуі. Ата тіл ұғымы. А.Мейенің тілдердің араласуы туралы көзқарастары.

Ж.Вандриестің жалпы лингвистикалық көзқарастары. Ш.Баллидің, А.Сешенің әлеуметтік идеялары. М.Коэн бойынша тілдің әлеуметтенуі. А.Мартиненің қос мүшелену және тілдік өзгерістерді үнемдеу қағидасы. Э.Бенвенист еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері.

Америка этнолингвистикасы. Ф.Боас және оның американдық үндістердің тілі туралы зерттеулері. Америка бихевиоризмі: Л.Блумфилд, Л.Блумфилдтің постулаттар қағидасы. Адамның тілі және мінез құлқы (стимулдар және реакциялар).

Э.Сепирдің модель теориясы. Америкадағы этнолингвистика (антропологиялық лингвистика) және оның өкілдері: Ф.Боас, Э.Сепир, С.Лэм, Б.Уорф. Тіл және әлем көрінісі. Тіл мен мәдениеттің байланысы.

Неогумбольдтшылдық. Неогумбольдтшылдық - ойлау мен танымдағы тілдің рөлі туралы. Тіл әлемді түсінудің «кілті» туралы В.Вайсгербер теориясы. Тілдің семантикалық құрылымы және әлемді түсінудегі неогумбольдтшылдық. Тілдегі субъективтік пен объективтік факторлардың арақатысы. Тіл және әлем бейнесі. Семантикалық өріс теориясы: И.Трир, В.Порнит.

Структурализмнің негізгі бағыттары. Ф. де Соссюр және И.А.Бодуэн де Куртенэ - лингвистикалық структурализмнің өкілдері. XX ғ. структурализм. Жас грамматистік зерттеулердің теориясы мен практикасына сүйену және оның арақатысы. Тілді құрылымдық жағынан сипаттаудың әдіснамалық негізі.

Прага мектебіндегі функционалдық бағыт: Н.С.Трубецкой, Р.Якобсан, В.Метезиус және т.б. Н.С.Трубецкойдың фонологиялық теориясы. Фонема туралы түсінік. Оппозиция туралы ілім. Актуалдық мүшелену теориясы (В.Метезиус).

Р.Якобсанның универсалдық фонологияның қасиеттері мен теориясы. Грамматикалық зерттеулер: В.Метезиус. Сөйленімнің актуалдық мүшелену теориясы. Функционалдық категория және әдеби тілдің дифференциациясы. Прагалықтардың типологиялық зерттеулері. «Тілдік одақтар» теориясы.

Глоссемантика (Дания немесе Копенгаген структурализмі): өкілдері, көтерген негізгі мәселелері, әдіснамасы және әдістемесі. Л.Ельмслев, В.Брендалль, Х. Ульдалль. Тіл және сөйлеу. Тіл - таңбалар жүйесі.

Лингвистикалық талдау тәсілдері. Жеткізу өрісі және мазмұн өрісі. Таңбалар және символдар. Форма және субстанция. Вариант және инвариант. Глоссематикадағы лингвистикалық талдаулардың түрлері мен амалдары.

Дескриптивтік лингвистика (америка структурализмі). Тіл туралы постулаттар жиынтығы. Дистрибуция модельдері. Б.Блок, Г.Трейгер, Ч.Хоккет, З.Харрис. Тіл қабаттары жүйесі туралы түсінік. Аллофондар және алломорфтар. Қос бөлшектер (ҚБ) талдауы.

Трансформациялық талдау (ТТ). Трансформация-генеративтік грамматика: Н.Хомский, Р.Лиз. Тілдік мағынаға қатысты позиция, даму жолдары. Туындау механизмінің негізгі түрлері.

Франция функционалдық мектебі: А.Мартине. Лингвистикалық структурализм мен функционализмнің жетістіктері және кемшіліктеріне сын.

Лондон лингвистикалық мектебі. Лондон мектебі өкілдерінің (Дж. Ферс) еңбектеріндегі тіл табиғаты туралы түсініктер. Дж. Ферс және Б.Малиновскийдің тұлғаның тілмен байланысы туралы идеялары. Мағына мәселесі және оның лингвистикалық талдаудағы орны. В.Аллен және М.Холлидей еңбектеріндегі тіл құрылымы мәселесі.

Ресей тіл білімі. Қазіргі орыс тілі теориясының қалыптасуы: Л.В.Щерба, Л.П.Якубинский, П.С.Кузнецов, В.В.Виноградов, С.Г.Бархударов, Б.А.Ларин, Н.Ю.Шведова және т.б. Тілді зерттеу және оның мәдениетке, халық психологиясы мен мифологияға қатысы (Ф.И.Буслаев, А.А.Потебня, А.Н.Афанасьев) және И.Смирницкий еңбектеріндегі сөз туралы ілім.

Әлеуметтік лингвистика туралы идеялар. Әлеуметтік лингвистика туралы идеялардың М.Н.Петерсон, Р.О.Шор, Е.Д.Поливанов еңбектеріндегі көрінісі. Глотогендік үдерістер туралы.

Н.Я.Марр және оның ілімі. И.И.Мещанинов - синтаксистік типология туралы. Фонема туралы тартыстар. Структурализм туралы түрлі көзқарастар. Қазіргі орыс тіл біліміндегі функционалдық бағыт.

Қазақстан тіл білімі. Қазақ тіл білімі - жалпы түркітанудің құрамдас бөлігі (Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, В.Катаринский, А.Құрышжанов және т.б.).

Қазақ тіл білімі туралы ілім (А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, Ы.Маманов, Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова және т.б.).

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтың жалпы лингвистикалық ілімдері. Қазақ графикасы мәселелері: А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, А.С.Аманжолов, Е.Омаров, Х.Досмұхамедов және т.б.

Әулет-тілдердің макроәулеті. Жалғамалы тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Қопармалы тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Даралаушы тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Полисинтетикалық тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Орыс тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Момынова Б. Қазақтың тілші ғалымдары. - Алматы: Арыс, 2016.
2. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым. Халықаралық басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 608 б.
3. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 320 б.
4. Әмірбекова А.Б. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. - Алматы: Елтаным, 2011. - 204 б.
5. Янсон Торе. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] : [оқулық]. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. - 244 бет.
6. Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы : жаңа курс : лекциялар. - Алматы : Қазақ университеті, 2011. - 145 бет.
7. Салқынбай А. Қазақ тіл білімі тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 220 бет.
8. Стивен Пинкер. Тіл - инстинкт: тіл мен сана туралы жаңа ғылым [Текст] : [оқулық]. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы. Қоғамдық қоры, 2019. - 386 бет.
9. Жүнісова М.Ә. Әлемдік лингвистика : оқу құралы. - ҚР Білім және ғылым министрлігі : Абай атындағы ҚҰПҮ. - Қарағанды : ЖШС «Medet Group», 2019. - 136 бет.
10. Жүнісова М.Ә. Әлеуметтік лингвистика : оқу құралы. - ҚР Білім және ғылым министрлігі : Абай атындағы ҚҰПҮ. - Қарағанды : ЖШС «Medet Group», 2019. - 154 бет.
11. Ибраймова Л.Ә. Тіл білімінің өзекті мәселелері : оқу құралы / Л.Ә. Ибраймова, А.Б. Шормакова. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. - 232 бет.
12. Түйте Е.Е. Психикалық жай - күйлер атауларының лингвистикалық сипаты : [ғылыми монография]. - Алматы : Эверо, 2020.
13. Ысқақ Б. Тіл дамытудың психолінгвистикалық негіздері. - Алматы : Эверо, 2023. - 200 бет.
14. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2012. – 156 бет.
15. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы : оқу құралы / ред. Д.А. Әлкебаева. - Алматы : Қазақ университеті, 2013. - 178 бет.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әмірбекова А.Б. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. - Алматы: Елтаным, 2011. - 204 бет.
2. Әлімхан А.Ә. Шығыс Қазақстанның ономастикалық кеңістігі. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2016. - 136 б.
3. Исақова А.С. Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастырудың лингвомәдени негіздері : монография . - Алматы : Эверо, 2024. - 204 бет.
4. Галымова А. Тілдік сана : теориясы мен прагматикасы : монография / А. Галымова, А. Абызова. - Алматы : Эверо, 2024. - 116 бет.
5. Оспанова Б.О. Лингвомәдениеттану : оқу құралы. - Астана : Фолиант, 2018. - 152 бет.
6. Иманбердиева С.Қ. Лингвоелтанымдық атаулар сыры. - Алматы : Эверо, 2020.
7. Ибраймова Л.Ә. Лингвомәдениеттану негіздері : оқу құралы. - Алматы : ЭСПИ, 2022. - 200 бет.
8. Карагулова Б.С. Лингвомәдениеттану саласының теориялық және ғылыми-практикалық мәселелері : оқу құралы / Б.С. Карагулова, А.С. Кушкимбаева. - Алматы : ЖШС «Medet Group», 2021. - 108 бет.
9. Алимхан А.А. Шығыс Қазақстан ономастикасы : оқу құралы / А.А. Алимхан, Ж.Қ. Қайырбаева. - Өскемен : С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2021. - 148 бет.
10. Зекрист Р.И. Сандық лингвистика : оқу құралы = Цифровая лингвистика : учебное пособие. - Алматы : Бастау, 2020. - 180 бет.

Электрондық емтихан билетіндегі сұрақтарға жауаптарды бағалау критерийлері

Сұрақтың сипаты	
Теориялық – теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	
Сұрақ 1-сұрақ	Бағалау критерийлері
	зерттелетін пәндік саладағы негізгі үдерістерді білетінін көрсетеді; сұрақтың терең әрі толық ашылуы
	талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін логикалық және дәйекті түрде білдіреді
	ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген

2 ТІЛ БІЛІМІНІҢ / ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Тілдің дамуы. Конвергенция және дивергенция үрдістері. Қазақ тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы. Ағылшын тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы. Қазақ және орыс тілдерінің генетикалық сипаттамасы. Қазақ және орыс тілдерінің типологиялық сипаттамасы. Орыс және ағылшын тілдерінің генетикалық сипаттамасы. Орыс және ағылшын тілдерінің типологиялық сипаттамасы.

Тіл білімінің әдіс-тәсілдері. Лингвистикалық зерттеудің әдістері. Салыстырмалы-тарихи әдіс. Сипаттамалы әдіс. Салғастырмалы әдіс. Компоненттік талдау. Семантикалық талдау әдісі. Ассоциативтік эксперимент.

Фонетикалық жүйе туралы түсінік. Фонетиканың пәні мен міндеттері. Антропофоника және фонология. Теориялық, практикалық және эксперименталды фонетика. Контрастивтік фонетика. Тарихи фонетика.

Тілдің сөздік құрамының стилистикалық тұрғыдан жіктелуі. Стилистикалық бейтарап сөздер. Кітаби лексика. Ауызекі және жалпыхалықтық лексика. Әдеби тіл лексикасы және диалектілік лексика. Түрлі әлеуметтік топтар лексикасының ерекшеліктері.

Жазу теориясы және жазу тарихы. Жазу таңбалары және олардың типтері. Жазудың типтері. Пиктография. Идеография. Көне Египет иероглификасы. Шумер жазуы. Буындық жазу. Қазіргі әлемдегі әліпбилік жазу түрлері.

Қазақстан халықтарының тілдері. Қазақстан халықтарының тілдері: генетикалық сипаттамасы. Қазақстан халықтарының тілдері: типологиялық сипаттамасы. Қазақстандағы тілдік жағдаят. Қазақстанның тіл саясаты, тілдік жоспарлау.

Әлеуметтік лингвистика. Әлеуметтік лингвистиканың мақсаты, пәні, нысаны. Тіл және қоғам. Диглоссия және билингвизм. Тілдердің аймақтық және әлеуметтік жіктелімі (дифференциация): диалект vs. социолект.

Тілдік қатынас теориясы. Интерференция: себептері және жою жолдары. Креол және пиджин тілдер. Тілдік одақ мәселесі. Қазақ және орыс тілдерінің қатынасы. Кірме сөздер. Тілдік қатынастағы қостілділік мәселесі.

Табиғи және жасанды тілдер. Жасанды ақпарат тілдердің түрлері мен олардың құрылымы. Формаланған тілдер (бағдарламалау тілдері, ақпараттық тілдер).

Табиғи тілді өңдеу жүйесі. Тілдің логика-математикалық зерттелуі. Тілдің модульдік ұғымы. Тілдің алгоритмдендірілуі. Табиғи тіл адам-машина коммуникациясының құралы ретінде. Жасанды интеллект.

Қолданбалы лингвистикалық пән ретіндегі компьютерлік лингвистика және лингвистикадағы автоматтандыру. Компьютерлік лингвистика: нысаны, мақсаты, міндеттері. Компьютерлік лингвистиканың негізгі бағыттары. Компьютерлік лингвистиканың когнитивтік құралы. Лингвистикалық мәселелерді өңдеу деңгейі және олардың ақпараттық жүйелермен өзара байланысы.

Математикалық лингвистика. Математикалық лингвистика, есептеу лингвистикасы, компьютерлік лингвистика, олардың мақсаттары, міндеттері, зерттеу әдістері. Автоматтық тану және сөйлеу синтезі. Мәтіндік ақпаратты қайта өңдеудің автоматтық әдістері.

Ақпараттық жұмыстардың автоматтандырылуы. Автоматтандырылған іздеу жүйесін құру. Автоматты аңдату әдістерін құру. Әкімшілік-ұйымдастыру басқармасы үдерістерін автоматтандырудың мәні.

Машиналық аударма. Автоматты (машиналық) аударма (АУ): тарихы, мақсаты, міндеттері, келешегі. Машиналық аударма және жасанды интеллект. Машиналық аударма жүйесі: қазақ тілі - орыс тілі - қазақ тілі; қазақ тілі - ағылшын тілі - қазақ тілі. Автоматты аударма жүйесінде талдау мен синтезді құрайтын формалдық операциялардың реті.

Автоматты аударманың сапасы. Оның көлем, құрылым және сөздік ақпарат сапасына тәуелділігі. Автоматты аударманың қазіргі жай-күйі және келешегі. Тілдік құралдардың стандарттау, кодтандыру және бірізділендіру мәселелері.

Мәтінді автоматты өңдеу (мәтіннің жасанды немесе табиғи тілде компьютердің көмегімен өзгеруі). Мәтін өңдеуге арналған бағдарламалар. Сөздіктермен жұмыс істеуге және «сұрақ-жауап» режимінде мәтіндермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін деректер базасын жасау үшін дәстүрлі жиілік сөздіктерін, сөз нұсқағыштар мен конкорданстарды дайындауға арналған автоматты жүйелер. ЭЕМ көмегімен лексикографиядағы статистика.

Компьютерлік лексикография. Электронды лексикографиялық қайнаркөздер: түсіндірме сөздіктер, лингвистикалық сөздіктер мен анықтамалар, энциклопедиялар. Ақпараттық сөздіктер. Мәтіндік-лексикографиялық жүйелер. Сөздіктің лемматизациялануы. Қазақ тілі сөздігінің формалдық көрінісі. Қазақ тілі автоматты сөздігінің құрылымы. Жазушының автоматты сөздігі.

Гипермәтін және гипермәтіндік жүйелер. Лингвистикалық зерттеулердің компьютерлік деректері. Лингвистикалық зерттеулердегі деректер базасы; Integrum; лингвистика бойынша лингвистикалық порталдар мен логиялар; тіл корпустары. Гипермәтіндік технологиялар. Гипермәтін бөліктері.

Компьютер және коммуникация. Бұқаралық ақпарат құралдары. Білімді көрсету әдістерін қолданатын компьютерлік модельдер. Лингвистика - тіл мен ойлаудың компьютерлік модельдеу әдісінің дереккөзі.

Компьютерлік оқыту бағдарламалары. Лингвистикадағы аудиолингвалдық және аудиовизуалдық әдістерді компьютерлік оқыту және қолдану стратегиясы.

Тілдерді оқытудағы компьютерлік жүйелер. Лингвистикадағы эксперттік оқыту жүйелері. Қолданушыға арналған интернет. Базистік компьютерлер. Виртуалдық университеттер.

Тілдерді қашықтықтан оқытудың лингвистикалық бағдарлары. Электрондық поштаның мүмкіндіктері мен келешегі. Адам-машина коммуникациясы саласындағы этикет. Ақпараттың қорғалуы және қауіпсіздігі.

Қазіргі әдебиеттану ғылымы және оның жаңа бағыттары. Қазақ әдебиеттану ғылымы алдында тұрған келелі міндеттер. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің қазіргі жай-күйі. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердиев, т.б. ғалым-қаламгерлердің қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына, сынына қатысты ой-пікірлері мен тұжырымдары және оған қазіргі көзқарас. Әдебиеттанудағы халықтық, ұлттық мәселелер. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттің таптығы, партиялылығы деген пікірлердің саяси-идеялогиялық астары, социалистік реализм әдісі және оны бүгінгі күн тұрғысынан бағалау.

Төңкеріске дейінгі әдеби сын. Жеке әдеби тұлғалар мен әдеби процесс туралы ой-пікірлер. Қазіргі әдеби сынның даму бағыттары.

Әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа проблемалары. Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің жеке адам мен қоғамдық санаға ықпал- әсері. Технократтық индустрия негізінде жоғары дамыған елдердің мәдениеті мен өнеріндегі, әдебиетіндегі интеграциялық процестердің көрінісі және оған қарсы интеллектуалдық ағымдар күресі. Әлемдік әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің мәні мен маңызы, беті мен бағыты. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі әдеби әдіс мәселесінің қайта қаралуы. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі. Дәстүрлі, классикалық, эстетикалық көзқарастар сипатындағы әлемдік өзгерістер.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе. 10-басылым. Халықаралық басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 608 бет.
2. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 бет.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы: Абзал-ай, 2014.
4. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-ай, 2014.
5. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-ай, 2014.
6. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-ай, 2014.
7. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы: Арыс, 2009.
8. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы, 2007.
9. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002.
10. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер. с нем. –М., 2000.
11. Момынова Б. Қазақтың тілші ғалымдары. - Алматы: Арыс, 2016.
12. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика грамматикалық ерекшеліктері. -Алматы, 2006.
13. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. - Астана, 2002.

14. Жүнісова М.Ә. Әлеуметтік лингвистика : оқу құралы. - ҚР Білім және ғылым министрлігі : Абай атындағы ҚҰПҮ. - Қарағанды : ЖШС «Medet Group», 2019. - 154 бет.

15. Ибраймова Л.Ә. Тіл білімінің өзекті мәселелері : оқу құралы / Л.Ә. Ибраймова, А.Б. Шормакова. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. - 232 бет.

Электрондық емтихан билетіндегі сұрақтарға жауаптарды бағалау критерийлері

Сұрақтың сипаты	
Практикалық – функционалдық құзыреттердің қалыптасу деңгейін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен тәсілдерді қолдана білу)	
Сұрақ 2 - сұрақ	Бағалау критерийлері
	пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, тәсілдерді және технологияларды қолданады
	құбылыстарды, оқиғаларды, үдерістерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдылар негізінде қорытындылар мен жалпылаулар жасайды
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды

3 ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдебиет тарихы алдындағы жаңа міндеттер. Ағартушылық бағыттағы әдеби-эстетикалық ой-пікірлердің ұлт-азаттық идеяларға ұласуы. Ш.Уәлихановтың қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу еңбектері. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедовтердің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге қосқан үлестері. М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиевтердің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі концепциялары. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу және Б.Кенжебаевтың ғылыми ұстанымдары. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуге байланысты бүгінгі көзқарастар. Коммунистік идеологияны ұстанған қазақ ақын-жазушыларына бүгінгі көзқарас. Замана шындығының реалистік суреттелуі және қаламгер позициясы. Көркем шығармашылыққа қойылатын негізгі талаптар және саясат пен поэтика мәселелері.

Әдебиет сыны және оның қазақ әдебиетінде пайда болу, даму, қалыптасу кезеңдері туралы қазіргі ой-пікірлер. Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби сын. Алғашқы баспасөздегі әдеби сынға қатысты кейбір пайымдаулар. 20-30-шы жылдардағы әдеби сын. Ондағы негізгі бағыттар мен көркем шығармашылықтан талап ететін басты критерийлер. Ел өміріндегі қоғамдық-саяси өзгерістердің әдеби сынға әсері. Әдебиеттің қондырма ретіндегі қызметі және оны коммунистердің идеологиялық құрал ретінде пайдалануы. Үкімет қаулы-қарарлары мен түрлі әдеби одақтар мен ұйымдардың пайда болу, құрылу себептері. Кеңес дәуіріндегі әдеби сынның қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлі. Әдеби сынның ұлттық мұраларымызды зерттеу мен дамытуды тежеудегі қызметі. Қазақ әдеби сынының өркендеу кезеңдері және көркемдік ізденістерді жан-жақты талдаудағы орны. Кәсіби сыншылықтың жетілуі және әдеби процесс. Қазіргі әдеби сындағы әртүрлі ұстанымдар.

Қазіргі қазақ поэзиясының даму бағыттары. Поэзиядағы жанрлық өзгерістер. Қазақ поэзиясының өткені, кешегісі, бүгінгі және ертеңі туралы толғаныстар. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух мәселесі. Махамбет поэзиясы және бүгінгі ақындық өнердегі оның ерлік рухын қайталаушылықтың себеп-салдары. Абай ойшылдығын қазіргі поэзияға әсер-ықпалы. М.Жұмабаев, Қ.Аманжолов, М.Мақатаев шығармашылықтарындағы ортақ қасиеттер мен ұқсастықтар. Қазіргі поэзиядағы отаншылдық рух мәселесі. Лирика мен поэманың арақатынасы. Лирикадағы ұлттық мінез бен көркемдік мәселесі. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі. Жаңа мазмұн мен ескі форманың арасындағы үйлесімсіздік. Бірғақ мәселесіне байланысты соңғы ғылыми тұжырымдар.

Әдебиет және қоғамдық сана өзгерістері. Заман өзгерістері мен бүгінгі оқырман талап, тілектерін ескеру. Қазіргі қазақ әдебиетінің басты міндеттері. Көркем шығармашылықтағы ізденіс проблемасы. Соны тақырыптар сонарында, замана тудырған идеялар өрісінде. Көркем шығармашылықтағы интеллектуалдылық сипат. Дүниетанымдағы плюралистік бағыттардың көркем әдебиетке әсері. Қоғамдық сана ағымдары және тәуелсіздік рух. Қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыт, ағымдар.

Көркем шығарма, әдеби туынды мәтінінің мазмұндық-пішіндік бірлігі туралы жаңа әдебиеттер. Әдеби шығарманың идеялық мазмұны, оның көркемдік компоненттерінің қызметі. Шығарманы туғызған тарихи кезең және автор дүниетанымы. Әдеби шығарманың ішкі әлемі туралы түсінік, кейіпкер - қаһарманның психологиялық қалпын бейнелеудің жаңа қырлары. Психологиялық орта және автор қиялы. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік мәселесі. Хронотоп туралы жалпы түсінік. Эпикалық шығармалардағы хронотоп үлгілері.

Әдебиет және беллетристика. Беллетристика туралы түсінік, түрлі пікірлер, оның даму сатылары, әдеби дамуға ықпалы, орны, ерекшеліктері, көркемдік-идеялық қыры, мағыналық-структуралық элементтері. Беллетристиканың, бүгінгі ғылыми деректі материалдар мәнінің көркем шығармашылыққа тигізіп отырған әсері. Детектив және ғылыми фантастика. Көркем әдебиет пен беллетристиканы түйістіретін жанрлар. Беллетристика және бестселлер. Қоғамдық сұранысқа ие бейкөркем шығармалар мен көркем әдебиет. Әдеби индустрия туралы түсінік. Қазіргі қазақ әдебиеті және модернизм. Әдеби шығарманы модельдеу тәжірибелері.

Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері. Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелерінің жемісі. Рецептивті-эстетика теориясы. Әдебиеттегі герменевтика және эстетика тәжірибесі. Әдебиеттанудағы формалистік концепциялар. Объективті-аналитикалық талдау және субъективті қабылдау қатынастары. Шығармашылық процесс және қабылдау. Катарсис термині туралы түсінік. Аристотель, Пифагор, Платон, Аквинский, Кант еңбектеріндегі катарсис туралы ой-тұжырымдар. Көркем шығарма жазу мен қабылдауындағы сезім мен қиял қызметі. Автордың ойлау, ой қорыту процессіндегі диалектикалық шешім. Катарсис мақсаты - эстетикалық әсер. Шығарманың сезімталдық аясы оқырман қабылдауында туғызатын тілектестік сезімдердің табиғаты және оны пайдалану. Сезімталдық жұмбақтарын жанды бейнеге көшіру мәселелері.

Әдеби шығармашылық психологиясы. Шығармашылыққа қоғамдық сана жай-күйі, сұранысы мен қаламгер физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік, дүниетанымдық ерекшеліктерінің ықпалы. Шығармашылық психологиясындағы субъективті және объективті факторлардың рөлі. Эстетикалық әсердің автор ақылы мен еркінен тыс тұратын жұмбақ сырларының шығарма мазмұны мен идеясына әсері. Оның табиғатын зерттейтін әдіс-тәсілдердің қазіргі жай-күйі және болашағы.

Шығармашылық процестің таңғажайып сәттері, оның шығарма поэтикасына әсері, көрінісі. Оны тәжірибе және деректі материалдар негізінде зерттеудің мүмкіндігі.

Психоанализ және шығармашылық. Көркем шығарма талдаудың психологиялық әдіс-тәсілдері, басты бағыттары. Әдебиет психологиясы мен оны зерттеу жүйесін, әдіс-тәсілдерін қалыптастыру. Психологиялық талдау және қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынұлы: энциклопедия. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 744 бет.
2. Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 бет.
3. Камалқызы Ж. Қазақ әдебиетінің теориялық және әдістемелік мәселелері (эпикалық шығармалар): Оқу құралы. - Алматы: Бастау, 2017.- 331 бет.
4. Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: әдеби зерттеулер. - Алматы: Дәстүр, 2016. - 384 бет.
5. Пірәлі Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. - Алматы: Елтаным баспасы, 2014. - 240 бет.
6. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет: монография: үш томдық шығармалар жинағы. Т. 1. - Алматы: Дәуір-Кітап, 2015. - 344 бет.
7. Кенжебайұлы Б. Шығармалар жинағы. Т.1: Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін. - Алматы: Ел-шежіре, 2018. - 360 бет.
8. Кенжебайұлы Б. Шығармалар жинағы Т.2: Ояну дәуірінің әдебиеті: (XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті). - Алматы: Ел шежіре, 2018. - 336 бет.
9. Бердібай Р. Он томдық шығармалар жинағы Т.5: Роман және заман / Құраст.: Д. Ысқақұлы. - Алматы: Дәуір, 2018. - 288 бет.
10. Дербісәлин Ә. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.2: Дәстүр және жалғастық: (монография, ғылыми-әдеби зерттеулер). - Алматы: Дәуір-Кітап, 2018. - 480 бет.
11. Әшімбаев С. Шығармалары. Т.1. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 328 бет.
12. Әбдиманұлы Ө. Шығармалары [Мәтін]. Т.2: Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея: монография. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. - 424 бет.
13. Пірәлі Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. - Алматы: Елтаным баспасы, 2014. - 240 бет.
14. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет: монография: үш томдық шығармалар жинағы. Т. 1. - Алматы: Дәуір-Кітап, 2015. - 344 бет.
15. Әбдиманұлы Ө. Шығармалары [Мәтін]. Т.2: Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея: монография. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. - 424 бет.

Электрондық емтихан билетіндегі сұрақтарға жауаптарды бағалау критерийлері

Сұрақтың сипаты	
зерттелетін пәндік саланы жүйелі түрде түсінетінін, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімін (жүйелік құзыреттерді) көрсетеді	
Сұрақ	Бағалау критерийлері
3-сұрақ	ғылыми тұжырымдамалар мен ғылымның дамуының заманауи үрдістерін, теориялық және практикалық

	әзірлемелерді сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін интерпретациялау барысында әдіснамалық тәсілдерді синтездейді
	үдерістерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды